

## **Физикадан VII Азиаттық олимпиаданы өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 31 тамыздағы N 239-ө  
Өкімі

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 23-30 сәуірде Алматы қаласында физикадан VII Азиаттық олимпиада (бұдан әрі - VII Азиаттық олимпиада) өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған VII Азиаттық олимпиаданы дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп, VII Азиаттық олимпиаданы дайындауды және өткізуді қамтамасыз етсін.

4. VII Азиаттық олимпиаданы дайындауға және өткізуге байланысты іс-шараларды қаржыландыру 010 "Республикалық маңызы бар республикалық мектеп олимпиадаларын, конкурстарын, мектептен тыс іс-шаралар өткізу" республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі - мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаты есебіне және шегіне жатқызылсын.

5. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шақыруы бойынша VII Азиаттық олимпиадаға қатысушы шетелдік азаматтарға визалық қолдауды ресімдеуге және визалар беруге жәрдем көрсетсін.

6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қоғамдық тәртіпті сақтауды, VII Азиаттық олимпиадаға қатысушылардың және оның ресми адамдарының болатын және олимпиада өтетін орындарда қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі VII Азиаттық олимпиадаға қатысушыларды әуежайлар мен темір жол вокзалдарында қарсы алу және шығарып салу үшін жағдай жасауды қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі VII Азиаттық олимпиадаға қатысушылар мен оның ресми адамдарының денсаулық жағдайын сақтау үшін медициналық көмекті қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі VII Азиаттық олимпиаданы дайындау және өткізу барысын, сондай-ақ оның ашылуы мен жабылуы жөніндегі салтанатты іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялауды қамтамасыз етсін.

10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2006 жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде VII Азиаттық олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізу қорытындылары туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2005 жылғы 31 тамыздағы  
N 239-ө өкімімен

бекітілген

**Физикадан VII Азиаттық олимпиаданы дайындау және  
өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы**

1. Әйтимова - Қазақстан Республикасының  
Бірғаным Сарықызы Білім және ғылым министрі, төрайым
2. Тасмағамбетов - Алматы қаласының әкімі,  
Иманғали Нұрғалиұлы төрайымның орынбасары
3. Тоқаев - Қазақстан Республикасының  
Қасымжомарт Кемелұлы Сыртқы істер министрі
4. Дунаев - Қазақстан Республикасының  
Арман Ғалиасқарұлы Қаржы министрі
5. Келімбетов - Қазақстан Республикасының  
Қайрат Нематұлы Экономика және бюджеттік  
жоспарлау министрі
6. Тұрысбеков - Қазақстан Республикасының  
Зауытбек Қауысбекұлы Ішкі істер министрі
7. Мамин - Қазақстан Республикасының  
Асқар Ұзақбайұлы Көлік және коммуникация  
министрі
8. Досаев - Қазақстан Республикасының  
Ерболат Асқарбекұлы Денсаулық сақтау министрі
9. Қосыбаев - Қазақстан Республикасының  
Есетжан Мұратұлы Мәдениет, ақпарат және спорт  
министрі
10. Айсина - Қазақстан Республикасының  
Майра Арапқызы Білім және ғылым вице-министрі
11. Қожамқұлов - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
Төлеген Әбдісағиұлы университетінің ректоры

12. Битуова

Тілдаш Рысқұлбекқызы  
директоры

- "Дарын" республикалық ғылыми-  
практикалық орталығының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК